

ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ ТӘСІЛМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ПАЙДАЛЫЛЫҒЫ.

Кенжебай Г.Қ.

В данной статье говорится об интерактивных методах и пользе при изучении иностранного языка.

In given article is spoken about interactive method and progit at study of the foreign lanquaqe.

Қазақ елінің ертеңгі өресі биік, дүниетанымы кең, кемел ойлы азаматтарын өсіру үшін бүгінгі өсіп келе жатқан ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірмен ұштастырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Елбасымыздың жолдауында білім мен тәрбие мәселелерін былай деп атап өтті.

- білім беру саласының басты міндеті - 2010 жылға дейінгі білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны орындай отырып, осы саланың сапалы қызмет көрсету аясын кеңейту;

- білім және ғылым министрлігі және облыс әкімдері үш жылдың ішінде заманға сай білім алуға және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын жасауды аяқтайтын болсын;

- үкімет «Тілдердің үш тұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдетуі тиіс.

Уақыт талабына сай жоғарғы білімнің негізгі ерекшелігі-оның жеке тұлғаға бағытталып, оның рухани және мәдени тұрғыдан өсуіне, жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету болып табылады.

Білім мен тәрбие тұғыры-тіл болғандықтан, тілдерді оқыту назардан қалмай келеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясына «Білім туралы», «Тіл туралы» заңдар бүкілхалықтық талқылауға түсіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес еліміздің жас ұрпағы алдына мемлекеттік тіл-қазақ тілін, орыс тілін және шетел тілін білу міндеті тұр.

Шетел тілін үйренуге деген талап пен көзқарастың жаңа бағыттарда өзгеруі жаһандану процесімен, еліміздің басқа елдермен экономикалық тұрғыда, мәдени тұрғыда қарым-қатынастың кеңеюі салдарына байланысты.

Мәдени процестің негізгі бөліктерінің бірі: әлемдік мәдениеттің құндылықтарын игеру болып табылады, ал оған тек шетел тілін игеру арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Қазіргі таңда ғалымдар оқыту үрдісінде дидактикалық мақсатты шешуде оқытудың белсенді түрлеріне бет бұруда. Оқытушының студенттермен педагогикалық қатынасты ұйымдастыра алу қабілеті қазіргі кездегі шетел тілін оқыту үрдісінің тиімділігін арттырады, сондай-ақ ол студенттің жеке тұлға ретінде ерекшеліктерін ашуға және оның шетел тілін мәдениет аралық қарым-

қатынас құралы ретінде меңгеруіне бағытталады. Осыған байланысты студенттің белсенді өзіндік жұмысын қамтамасыз ету үшін студенттің бір мәселені бірігіп шешуде өз бетінше белсенді, танымдық шығармашылық әрекетін қамтамасыз ететін интерактивтік тәсілге баса назар аударуда. [1]

«Интерактивтік» деген сөз энциклопедия мен ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей интеракция деген ұғымнан келіп шығады, яғни ол екі жақты біріккен әрекет болып табылады.

Ол оқыту үрдісінде студенттерді бірігіп белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге бұл әдіс студенттерді жұп болып, бірігіп жұмыс жасауға, жұмыс жасай отырып, өзгелерге көмек көрсетуге үйретеді. Бұл ұғым мынандай талаптарға сай келеді;

- ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегінен өткізеді.
- студент өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады, тілді оқып үйрену ниетін арттырады.
- студенттің жеке тұлғасына тікелей әсер етіп, танымдық, шығармашылық қабілетін оятады.
- топ студенттерімен жасалатын жұмысты түрлі формада (жұптық, топтық ұжымдық) өткізуді қамтамасыз етеді.
- ойлауды белсендіреді.
- ынтымақтастықпен әрекет етуге үйретеді.
- тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады.

Мұндай тәсілді қолдануда кездесетін қиындықтар да жоқ емес. Себебі; әр студенттің ойлау қабілеті, жылдамдығы, білім деңгейі, ақпаратты меңгеруі бірдей жағдайда емес.

Осыдан келіп студенттің алдында шынайы және психологиялық қиындықтар туындайды.

Шынайы қиындық – берілген тапсырма дұрыс ұйымдастырылмаған жағдайда.

- жүріп жатқан әңгіме студентке қызық емес болса;
- әңгімені тыңдамағандықтан сөйлей алмаған жағдайда туындайды.

Ал психологиялық қиындық шынайы қиындыққа қарағанда жиірек кездеседі. Студент мұндай жағдайда көбінесе үнсіз қалады, яғни;

- студент өз ойын білдіру үшін көмекші сөздерді, тілдік құрамды таба алмағандықтан үндемейді.
- өз білім дәрежесінің төмен екендігін көрсеткісі келмегендіктен үндемейді.
- оқытушы мен топ алдында сөйлеуге қысылғандықтан үндемейді.

Мұндай жағдайда студент сөйлеу үшін оған қысым көрсетпей, сөйлеу үшін ыңғайлы, қолайлы мүмкіндік туғызылуы керек, студентті өз іс-әрекетін, ойын тыңдай білуге үйрету керек. Мұғалім алдымен студенттерді сөйлеуге үйретуде, соның ішінде тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге ұмтылуын, оларда өз іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру үшін оған сай ниетін оятып, әрі оқу атмосферасын орната білуі керек. Ал мұндай атмосфераның орнауына Н.В. Гавриленконың төмендегі пікірлерімен толықтай келісуімізге тура келеді. [2]

Біріншіден: Шет тілдерін оқытуда интерактивтік тәсілді қолдану кезінде қойылатын талаптың, жасалынатын жұмыстың оқыту процесіне сай болуы

керек. Талап тым жоғары болса, оқуға деген қызығушылық жойылады, ал төмен болса, жалығуға әкеліп соқтырады.

Екіншіден: жұмыс түрлері, онда қолданылатын оқу құралдары, жаттығулар студенттердің білім деңгейіне, жас ерекшеліктеріне сай болуы керек.

Үшіншіден: студенттер жіберген қателерін мұғалім көмегімен өзі табуға дағдылануы керек.

Студенттер әр түрлі болады. Олардың бірі оқытушының айтқанын жылдам ұғып алады, енді біріне материалды ұғу үшін қосымша түсіндірмелер мен мысалдар қажет болады. Мұндай студенттер нақты нені түсінгенін ұғына алмай сұрақ қоюға жасқанады. Осындай жағдайда студенттерді топқа не болмаса жұпка біріктіріп, оларға ортақ тапсырма беріп, ол тапсырманы орындау барысында әрбір студентке жеке рөлдер мен міндеттер атқаруды талап етсе, онда әр студент өз жұмысына жауапты болып, жалпы жұмыс нәтижесінде қол жеткізуге ұмтылады. Сондықтан да, білімі төмен студенттер үлгерімі жоғары студенттерден өзіне түсініксіз болған жерді сұрап, ал үлгерімі жақсы студент топтың жеңіп шығуын ойлап, барлық студенттердің, әсіресе, білімі нашар студенттердің нәтижелі жұмыс істеуін ойлайды. [3]

Осылайша студенттер бірігіп, қиындықтың алдын алады.

Интерактивті тәсіл, әсіресе сабақты пысықтап, қорытындылауға бірден-бір көмегін тигізетін тәсілдердің бірі. Осы интерактивті әдіс арқылы студенттер өз білімін өздері бағалайды да, олар алған білім, білік дағдылары бойынша бағаланады. Өзін-өзі бақылау, жұптық өзара бақылау, топтық өзара бақылау кезеңдері сабақты бекітуге біршама септігін тигізеді.

Бұл бақылауды бағалау әдіс белгілері арқылы іске асыруға болады.

Өздік бағалауы:

1. Менің бүгінгі тақырыпқа өз бетімше дайындығым: төмен, орта, жоғары;

2. Бүгінгі жаңа тақырыпты игеруім: төмен, орташа, жоғары;

3. Бүгінгі сабаққа қатысуым: төмен, орташа, жоғары;

Топтың өзара бағалауы: (топтар бір-бірін бағалайды).

1. Топ ұжымының татулығы, белсенділігі, өзара әрекет әдебі, топтық араласу әдебі: төмен, орташа, жоғары.

2. Жаңа тақырыпты өмірмен байланыстыра айтуы: төмен, орташа, жоғары.

3. Сөйлеу шешендігі, мәдениеті: төмен, орташа, жоғары.

Бұл бақылаулар студенттерді өздеріне және өзгеге сын тұрғысында қарауға үйретеді. Біреуді бағалау үшін өзінде тиісті білім болуы қажеттігі туады.

Бұл бағыттау мен бағалау студенттердің бойында мына қасиеттерді қалыптастырады: еріктілік, еңбек сүйгіштік, өз біліміне сенімділігі, қабілеттілігі, жауапкершілікті сезінуі, адами, жолдастық қасиеттер, сөз қорын молайту, ғылыми ақпараттарды ақтаруы, өзінше түйін жасауы, сөйлеу мәдениеті артады.

Шетел тілі сабағында қолданылып жүрген рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікірталас, студенттердің баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, дәріс - диалог, тренинг, дөңгелек үстелдер, ұжымдық-танымдық оқу, иммитация әдістері осы жоғары белсенділікті дамыту әдістерінің интерактивті әдіс белгілері болып табылады. Сабақты ұйымдастырудың топтық-үлестірме түрлерін қолдану арқылы іс-әрекетті талқылау, қарама-қарсы қайшылықты мәліметтер беру арқылы пікірталасын тудыру студенттердің пәнге деген

ынтасын арттырады. Үлгерімі төмен студенттің өзі де өз ойларын ортаға салуға тырысады.

Интерактивті әдіспен оқытудың басты мақсаты-студенттерді өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету, яғни, интерактивті тапсырманы орындау, процесті басқару және ойлау тәжірибесін дамыту және сол тәжірибелерді дамытуға бағытталуы болып табылады. [4]

Студенттерді сабақ кезінде барынша белсенділік танытуға тарта отырып, олардың сондай белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайтын әдістемелік амалдарды интерактивті деп атайды. Сонымен қатар, оқу барысында студенттер мен оқытушының арасында тығыз қарым-қатынас орнайтын болса, мұндай оқытуды интерактивті оқыту дейміз. Мұндай қарым-қатынас студенттер нақты мәселені талқылап, соның шешімін тапқан кезде байқалады.

Студенттердің жауаптарынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңыздырақ. Өйткені интерактивті оқытудың басты мақсатының өзі сол студенттерді өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету. Осылайша оқытқан кезде студенттер сабақты жақсы қабылдап, пікірталас кезінде айтылған жайттарды жылдам ұғады. Себебі:

- студенттер мағлұмат алып қана қоймайды, өздері айтқан пікірдің дұрыстығына логикалық түсініктеме береді;
- студенттер пікірлерін алдымен терең ойланып барып айтады;
- мәселені талқылаған кезде студенттер өздерінің және өзгелердің тәжірибелерін пайдаланады. Мұндай жалпы білім қоры кез-келген студенттің білімінен артық болатындағы белгілі;
- студенттерден жаңа мағлұмат алу арқылы оқытушы да өз білімін толықтырады;

Кез-келген сабақтың мақсаты-студенттердің қызығушылығын тудырудан гөрі оның тиімділігінде жатыр, әдісті таңдамас бұрын, оқытушы студенттерге қандай дәріс беретіндігі, не үйреткісі келетінін нақты білуі қажет. Аталған әдістерді қолдану, тілді дамыту үшін қолдануға болады.

Интерактивті әдіс бойынша сабақ барысында студенттер көп сөйлеп, оқытушылар аз сөйлеуге тиісті болады, бірақ бұдан оқытушының рөлі бәсеңдейді деп санауға болмайды. Оқытудың басқа әдістеріне қарағанда, интерактивтік әдіс оқытушының жоғары белсенділік танытуын талап ететін әдіс. Сабақтың жоспары студенттер өзара талқылау барысында нені ұғынуы керектігін көрсетеді, яғни оқытушы студенттердің іс-әрекетін алға қойған мақсатқа жетуге бағыттайтын басқарушының міндетін атқарады.

Сабақ барысында «Die Kleidung und ihre Rolle im Leben des Menschen. Neue Moden» тақырыбын пысықтау мақсатында студенттерді үш топқа бөліп, оларға негізгі тақырыпқа байланысты тақырыпшаларды береміз:

1 топқа «Kleidung»

2 топқа «Neue Moden»

3 топқа «Kleidungsrolle»

Әр бір топ өздеріне берілген тақырыпшалар бойынша жоспар құрып, талдайды. Топ студенттері бірігіп, «Киім» туралы толық мағлұмат береді де, оның тиімді (пайдалы) және тиімсіз жақтарын ашып айтуы керек.

Әр топқа қойылатын талап-тақырыпқа байланысты жаңа сөздер мен сөз тіркестерін көбірек пайдалану және талқылауға топ студенттерінің түгелдей қатысуын қадағалау.

Соңында топтар бірін-бірі бағалап, қорытындылап, әр топтың ортақ бағасын қояды. Бұл тәсіл грамматикалық жаттығуларды орындау кезінде де тиімді.

Мұндай жағдайда топ студенттері әр бір ұпай үшін күреседі. Себебі: грамматикалық ережесін қолдана отырып, дұрыс құрылған әрбір сөйлем оларға ұпай болып саналады. Бұл жұмыстың барысында студенттер өздерінің бар білгендерін топ мүшелерімен бөліседі.

Сол кезде кейбір грамматикалық материалдарды түсінбегендерге үлкен көмегін тигізеді.

Мәтіндермен жұмыс жасағанда да студенттер берілген мәтінді кемінде екі рет оқығандары дұрыс. Алғашқыда олар мәтінге тек көз жүгіртіп, ішінен оқып, жалпы идеяны немесе басты проблеманы түсінеді, ал одан соң мұқият көңіл бөліп басынан бастап оқып шығады. Үйге мәтінді қайталап оқып келу тапсырылады, құрамындағы бейтаныс сөздерді сөздік дәптерге жазып, аударулары керек. Бұлайша жасау талқылаудың алдында тұжырымды логикалық тұрғыдан қайта пысықтауға көмектеседі.

Сабақ уақытын мейілінше үнемді пайдалану үшін мәтінді үйден оқып келуді тапсырған дұрыс.

Тағы бір көңіл аударма кететін жағдай-интерактивті әдіс тәсілдің маңызды көрсеткіштері деп оның тәрбиелік жағын да айта кеткен жөн. Топпен жұмыс істеу студенттердің бірін-бірі тануына, тындау мен пікір алысу мәдениетінің қалыптасуына да өз әсерін тигізеді.

Интерактивті тәсілдің ерекшеліктерін ескерсек, құрастырылған тапсырмаларды орындау студенттерге оқытылып отырған тілдің практикалық тұрғыдан қолдану нәтижесін, жемісін көруге мүмкіндік береді және шетел тілін оқып үйренуге деген қызығушылығын арттырады. Қазіргі таңда бұл интерактивті тәсілді өздерінің педагогикалық жұмысында барлық оқытушылар қолданып жүр. Мұндай жұмыс түрісіз ешқандай оқу үрдісі өтуі мүмкін емес.

Мысалы: студенттер оқулықпен, сөздікпен көп жұмыстанады. Студенттер мәтінді аударып, оған сұрақтар қоюы арқылы оның мағынасын айтып береді. Сол мәтін үлгісімен берілген тақырыпқа байланысты әңгіме құрып, ауызекі сөйлеуге дағдыланады. Сонымен бірге студенттер диалогпен айналысқанда да бір-бірімен ауызекі тілде сөйлесуін дамытады.

Әдебиеттер:

1. Дженкинс С. Фаттахова А. Интерактивные методы обучения и управление классом. Киев, 2004г, стр. 220
2. Самыкова В.В. Интерактивные методы обучения. Москва, 2004г, стр. 200
3. Концепция формирования нового социально-экономического поведения граждан Республики Казахстан. 1995 стр. 45
4. Закон Республики Казахстан об образовании. Алматы, 1999 стр. 35